

# АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 8 – 12 маусым



2026 жылғы 8 – 12 маусым

## Аптаның негізгі тақырыптары

01



Қысқаша түйін

02



Өткен аптаның  
басты оқиғалары

03



Аймақтардағы ахуал

- Америкалық қор индекстері құбылмалылығы жоғары аптаны **қалыпты өсіммен** аяқтады: S&P 500, NASDAQ және Dow шамамен 0,7%-ға көтерілді, бірақ маусым айының басында жеткен ең жоғары деңгейлерінен төмен күйінде қалды. Кең нарықпен салыстырғанда капиталдандырылуы шағын компаниялардың акциялары жақсы нәтиже көрсетті: **Russell 2000 индексі бір аптада шамамен 4%-ға өсіп, жаға максимумға жетті.**
- **АҚШ-тағы инфляция көрсеткіштерінің жариялануы** басты макроэкономикалық оқиға болды. **Мамыр айында тұтыну бағасының индексі жылдан жылға 4,2%-ға өсіп,** соңғы үш жылдан астам уақыттағы ең жоғары қарқынды көрсетті. Өндірушілер бағасының индексі 6,5%-ға өсіп, 2022 жылғы қараша айынан бастап ең жоғары деңгейге жетті.
- Шикізат нарықтары Таяу Шығыстан келіп жатқан жаңалықтарға сезімтал болып қалды. Апта бойы мұнай бағасы күрт құбылды: аптаның ортасында барреліне 93 доллардан жоғары көтерілгеннен кейін, жұма күні шамамен 84 долларға дейін төмендеп, аптаны шамамен 6%-дық құлдыраумен аяқтады.
- Еуропалық орталық банк 2023 жылдан бері алғаш рет негізгі мөлшерлемелерді 25 базалық тармаққа көтерді. Сонымен бірге инфляция бойынша болжамы көтеріп, экономиканың өсім бойынша болжамын төмендетті. Бұл экономиканың өсімнің баяулауы мен жоғары инфляцияның қатар сақталу қаупіне деген назарды күшейтті.
- **15 маусым, дүйсенбі күні АҚШ пен Иранның қақтығысты тоқтату және Ормуз бұғазы арқылы кеме қатынасын қайта жандандыру жөніндегі 60 күндік келісімі туралы хабарлардан кейін нарықтағы жағдай жақсарды.** Осы жаңалықтар аясында мұнай бағасы түсіп, АҚШ-тың қазынашылық облигацияларының кірістілігі азайды, ал қор индекстері өсті. Технологиялық сектор қайтадан нарықтың негізгі қолдау көзіне айналды.
- **Алдағы күндердің басты мәселесі – Кевин Уорштың төрағалығымен өтетін ФРЖ отырысы.** Нарық қатысушылары мөлшерлеменің өзгеріссіз сақталуын күтуде, алайда мәлімдеменің астарын, инфляция мен мөлшерлемелер бойынша жаңартылған болжамдарды, сондай-ақ реттеушінің қатаң ақша-кредит саясатын ұзақ уақыт бойы сақтауға қаншалықты дайын екенін бағалайды.

## Негізгі көрсеткіштер мен оқиғалар

Көрсеткіш/ оқиға	Мәні	Кезең	Түсіндірме
S&P 500	бір аптада +0,7%; 7 431 тармақ	12 маусымға дейін бір апта	Апта ішіндегі жоғары құбылмалылықтан кейін нарық қалыпты өсім көрсетті
NASDAQ	бір аптада +0,7%; 25 889 тармақ	12 маусымға дейін бір апта	Технологиялық сектор аптаның соңына қарай қалпына келді, бірақ мөлшерлемелерге сезімтал болып қала береді
Russell 2000	бір аптада +3,9-4,0%	12 маусымға дейін бір апта	Шағын капитализациялы компаниялардың акциялары кең нарық көрсеткіштерінен едәуір озып кетті
CPI АҚШ	4,2% ж/ж	мамыр	Үш жылдан астам уақыттағы ең жоғары деңгей; айлық өсім қарқыны баяулады
PPI АҚШ	6,5% ж/ж	мамыр	2022 жылғы қарашадан бергі ең жоғары деңгей; қысым тауарлар мен энергия бағалары арқылы қалыптасты
ЕОБ	+25 б.т.	11 маусым	2023 жылдан бергі мөлшерлемелердің алғаш рет көтерілуі
UST 10Y	жұма күнге шамамен 4,48%	12 маусымға дейін бір апта	Деэскалацияға қатысты үміттің күшеюі аясында кірістілік төмендеді
WTI	жұма күні шамамен \$84; бір аптада -6%	12 маусымға дейін бір апта	Мұнай Таяу Шығыстың жаңалықтарынан ауытқыды
Дүйсенбі: S&P 500	+1,66%; 7 554 тармақ	15 маусым	АҚШ пен Иранның арасындағы келісімге қатысты жаңалықтан кейін нарықта өсім байқалды
Дүйсенбі: WTI	-4,87%; \$80,75	15 маусым	Ормуз бұғазының қайта ашылатыны туралы хабардан кейін мұнайдағы сыйлықақы төмендеді

**Акциялар.** Америкалық нарық аптаны бірқалыпсыз өткерді: аптаның ортасындағы сатылым бейсенбі мен жұма күндері қалпына келді. S&P 500 аптаны шамамен 7 431 тармақ деңгейінде, NASDAQ шамамен 25 889 тармақта, ал Dow Jones шамамен 51 202 тармақта аяқтады. Өсім бірқалыпты болғанымен, нарыққа қатысудың кеңеюі маңызды болды: Russell 2000 шамамен 3,9-4,0% қосты, ал ірі компаниялардың құндық индексі өсу индексінен екінші апта қатарынан озып шықты. Бұл ірі технологиялық қағаздардың ұзақ басымдығынан кейін инвесторлар артта қалған сегменттерге көбірек назар аудара бастағанын білдіреді.

**Облигациялар.** АҚШ қазынашылық облигацияларының кірістілігі Таяу Шығыстағы деэскалацияға қатысты үміттің аясында төмендеді. 10 жылдық UST кірістілігі өткен аптаның соңындағы шамамен 4,52%-дан жұмаға қарай 4,48%-ға дейін түсті. Облигация нарығы үшін бұл кірістіліктің алдыңғы өсуінен кейінгі қысымның ішінара әлсіреуін білдіреді, алайда жоғары инфляция мөлшерлемелердің тұрақты төмендетуіне мүмкіндік бермей отыр.

**Валюталар және қорғаныс активтері.** Доллар ФРЖ күтулерінің өзгерістеріне және геосаяси факторларға сезімтал болып қалды. Жоғары инфляция қатаң ақша-кредит саясатына деген күтулер арқылы долларды қолдаса, мұнай бағасының және кірістіліктің кей күндері төмендеуі бұл әсерді әлсіретті. Алтын геосаяси тәуекелдер мен нақты мөлшерлемелер күтулеріне сезімтал актив ретінде қолдау тапты.

**Шикізат тауарлары.** Мұнай аптаның негізгі құбылмалылық көздерінің біріне айналды. Апта бойы америкалық мұнай бағасы барреліне \$93-тен жоғары көтерілгенімен, жұма күні барреліне \$84-ке дейін төмендеді. Бұл төмендеу АҚШ пен Иранның арасындағы келіссөздерде ілгерілеу және Ормуз бұғазы арқылы жеткізілімдердің қалпына келуі мүмкін деген үмітпен байланысты болды. Соған қарамастан, мұнай факторы инфляциялық күтулерге ықпал ететін маңызды арна болып қалып отыр.

**АҚШ: макроэкономикалық деректер.** Инфляция жоғары деңгейде сақталды: CPI жылдан жылға 4,2%-ға, ал PPI 6,5%-ға өсті. Бұл ретте тұтыну бағасының айлық өсімі сәуірмен салыстырғанда баяулады, ал базалық инфляция да біршама жұмсарды. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға бастапқы өтінімдер 229 мыңға дейін өсіп, қатарынан үшінші аптада жоғарылады. Мичиган университетінің тұтынушылық көңіл күй индексі 44,8-ден 48,9-ға дейін жақсарды, бірақ инфляциялық алаңдаушылықтардың сақталуына байланысты жалпы көңіл күй деңгейі әлі де әлсіз деңгейде қалуда.

**Жапония.** Жапония акциялары аптаны төмендеумен аяқтады: Nikkei 225 0,85%-ға, TOPIX 1,70%-ға төмендеді. Инвесторлар Жапония Банкінің отырысына дайындалды, онда мөлшерлемені 1,0%-ға дейін 25 базалық тармаққа көтеру күтілді. Корпоративтік өндірушілердің бағалары өткен жылдан жылға 6,3%-ға, иенадағы импорт бағалары 25,5%-ға өсті, бұл шикізаттың, валюта бағамының және энергетикалық фактордың қысымын көрсетеді. Бірінші тоқсандағы ЖІӨ жылдық есепте 1,8%-ға дейін төмен қайта қаралғанымен, күтілгеннен жоғары деңгейде қалды.

**Қытай.** Қытай нарықтары аралас динамика көрсетті: CSI 300 0,82%-ға төмендеді, Shanghai Composite 0,09%-ға артты, Hang Seng 0,98% жоғалтты. Экспорт жылына 19,4%-ға, импорт 27,4%-ға өсті, ал сауда профициті 105,4 млрд долларға жетті. Жартылай өткізгіштерге, электромобильдерге, есептеу жабдықтарына және жасанды интеллектпен байланысты өнімдерге деген сыртқы сұраныстың күшеюі экспортты қолдады. Сонымен қатар ішкі сұраныс әлсіздеу болып қалды: CPI жылдан жылға 1,2%-ға ғана өсті, ал PPI 3,9%-ға дейін жеделдеді.

**Еуропа.** STOXX Europe 600 жергілікті валютада 1,69%-ға өсті. Нарықтардағы динамика әркелкі болды: DAX 0,50%-ға төмендеді, CAC 40 1,61%-ға өсті, FTSE MIB 3,22%-ға, FTSE 100 1,00%-ға артты. ЕОБ-ның мөлшерлемені 25 б.т. дейін көтеру туралы шешімі басты назарда болды. Реттеуші болжамның белгісіздігін, инфляцияның жоғарылау тәуекелін және экономикалық өсімнің әлсіреу қаупін атап өтті. Еуроаймақта инфляция болжамы 2026 жылға 3,0%, 2027 жылға 2,3%, 2028 жылға 2,0%-ға дейін қайта қаралды, ал ЖІӨ өсімі 2026 жылға 0,8%-ға және 2027 жылға 1,2%-ға дейін төмендетілді.

## 15 маусым, дүйсенбі күнгі жаңару

**Дүйсенбіде нарықтар** АҚШ пен Иран арасындағы қақтығысты тоқтату және Ормуз бұғазының жұмысын қайта бастау туралы алдын ала келісімі туралы хабардан кейін **айтарлықтай өсті**. Dow Jones 0,92%-ға өсіп, 51 671 тармаққа жетті, S&P 500 1,66%-ға өсіп, 7 554 тармаққа жетті, NASDAQ 3,07%-ға өсіп, 26 683 тармаққа жетті, ал Russell 2000 0,72%-ға өсіп, 2 965 тармаққа жетті. Өсім кең ауқымды болды, бірақ негізгі үлесті қайтадан **технологиялық** сектор қосты: ол шамамен 3,05% қосты, ал энергетика мұнай бағасының төмендеуі аясында 3,18% төмендеді.

**Мұнай бағасы төмендеумен жауап берді:** WTI 4,87%-ға құлдырап, барреліне 80,75 доллар болды, Brent маркалы мұнай 4,16 долларға төмендеп, барреліне 83,17 доллар деңгейінде қалыптасты. АҚШ-тың қазынашылық облигацияларының кірістілігі де төмендеді: 10 жылдық қағаздардың кірістілігі 4,4197%-ға дейін түсіп, күнді шамамен 4,459% деңгейінде аяқтады, ал 2 жылдық қағаздардың кірістілігі 4,045%-ға дейін төмендеді. Алтын доллардың әлсіреуі және ФРЖ мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырады деген күтулер аясында 2,66%-ға өсіп, бір унциясына 4 351,60 доллар болды.

**Дүйсенбідегі раллинен кейін** нарықтың назары сәрсенбіде өтетін ФРЖ отырысына ауысты. Негізгі күтулер – мөлшерлеменің өзгеріссіз сақталуы. Алайда басты фактор шешімнің өзі емес, ФРЖ-ның жаңа төрағасының түсініктемелері, инфляция мен мөлшерлемелер бойынша жаңартылған болжам, сондай-ақ реттеушінің бұрынғы жұмсартушы коммуникациялық ұстанымнан бас тартуға қаншалықты дайын екені болмақ.

**Инфляция және орталық банктердің саясаты.** Аптаның жалпы көрінісі – экономикалық белсенділіктің салыстырмалы тұрақтылығы кезінде инфляциялық қысымның жоғары деңгейде қалуы. АҚШ-та бұл CPI-дің 4,2% және PPI-дің 6,5% деңгейінде көрінеді, Еуропада – ЕОБ-тың мөлшерлемені көтеру шешімі және болжамдарды қайта қарауы арқылы байқалады. Жапонияда инфляциялық қысым импорттық және өндірістік бағалардың өсуі арқылы күшейіп, Жапония Банкінің тарапынан мөлшерлемені көтеру болжамын қолдап отыр.

**Пайда мен мөлшерлеменің арасындағы теңгерім.** Нарық корпоративтік пайданың неғұрлым жоғары мөлшерлеменің қысымын өтеуге қабілетті екенін бағалауды жалғастыруда. Жасанды интеллект пен табыстың тұрақтылығына жұмсалатын шығындардың өсуі арқасында технологиялық сектор осы қысымға басқаларға қарағанда жақсы төтеп беріп отыр. Алайда кірістілік одан әрі өссе, инвесторлардың пайдаға қойылатын талаптары да күшейе түседі.

**Жасанды интеллект және күрделі шығындар.** ЖИ тақырыбы технологиялық компаниялар пайдасының маңызды драйвері болып қалуда. АҚШ-тың технологиялық секторының пайдасы бірінші тоқсанда жылына 52%-ға өсіп, күтілген 36%-дық өсімнен асып түсті және кең нарықтан екі есе дерлік жоғары нәтиже көрсетті. Бұл ретте капиталға деген өсіп жатқан қажеттілік, оның ішінде сектордағы акцияларды ірі орналастыру, нарықтың жаңа ұсынысты сіңіру тәуекелін күшейтуі мүмкін.

**Геосаясат және мұнай.** АҚШ-Иран қатынастары мен Ормуз бұғазының төңірегіндегі жаңалықтар мұнай үшін қысқамерзімді басты фактор болып қала береді, бұл инфляциялық күтулерге, облигация кірістілігіне және секторлық ротацияға әсер етті. Дүйсенбіде мұнай бағасының төмендеуі акциялар мен облигацияларды қолдады, бірақ энергетика секторына қысым жасады.

**Нарық өсімінің кеңеюі.** Апта нарыққа қатысудың кеңейе бастағанын көрсетті: шағын капитализациялы акциялар мен кейбір циклдік сегменттер ірі технологиялық компаниялар үстемдігінен кейін күштірек динамика көрсетті. Дегенмен бұл трендтің тұрақтылығы кірістіліктің динамикасына, инфляцияға және геосаяси тәуекелдің нақты төмендеуіне тәуелді болады.

- ФРЖ отырысы және мәлімдеме астарының өзгеруі: Негізгі сұрақ – реттеуші бейтарап ұстанымды сақтай ма, әлде инфляцияға және жоғары мөлшерлемелердің ұзақ сақталу қаупіне көбірек назар аудара ма.
- Мұнай бағасының төмендеуінің тұрақтылығы: Деэскалация туралы жаңалықтардан кейінгі төмендеудің орнығуы Ормуз бұғазы арқылы жеткізілімдердің нақты қалпына келуіне және геосаяси тәуекел премиясының азаюына тікелей байланысты болады.
- 10 жылдық UST кірістілігінің динамикасы: Тұрақты төмендеу акцияларды бағалауға қолдау көрсетуі мүмкін, ал кірістіліктің қайтадан максимумдарға оралуы акциялар, әсіресе өсу сегменті үшін қысымды күшейтеді.

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



[https://t.me/bcc\\_invest](https://t.me/bcc_invest)



# Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. «BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

«BCC Invest» АҚ олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында

қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.